

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023

11.2 АРХИТЕКТУРА В ГЛОБАЛЬНОМ МИРЕ: ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ

УДК 725.9

АҚТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ МЫСАЛЫНДА ТУРИСТІК ТЕҢІЗ ПОРТТАРЫН ЖОБАЛАУ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Амангельдина Данель Азаматовна
danelamangeldina42@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәулет-құрылыс факультетінің магистрі, Астана қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі- Исина А.З.

Жақында теңіз круиздері бүкіл әлемде танымал бола бастады. Пандемия жағдайында, халықаралық шекаралардың жабылуы, туристік бизнес үшін ауыр дағдарыс болды. Бірақ, бұл дағдарыстар круиздік туризм индустриясына маңызды өзгерістер енгізді, туристік индустрияны дамытуға ынталандыру берілді. Жыл санап, жаңа технологиялардың дамуына байланысты, халықтың талаптары өзгеруде және неге ұмытылған ескіні қайта жандандырмасқа? «Круиз» немесе «теңіз» терминдері 19-ғасырдың ортасында пайда болды. Қазіргі уақытта бұл саяхат индустриясының дамып келе жатқан түрінің бірі. Жолаушыларды тасымалдау саласы басталғаннан бастап, қазіргі круиздік туризм саласының пайда болғанына небәрі 200 жыл, бұл өте таңқаларлық жағдай, өйткені адамдар кемелерді мыңдаған жылдар бойы қолданған.

Ақтау қаласының мысалында туристік теңіз портының жобалау алғышарттарын қалыптастырудың мақсаты-халықтың круиздік туризмге деген көзқарасын өзгерту. Себебі, елімізде круиздік туризм дамымаған. Қазақстан бойынша круиздік теңіз порттары жоқ, тек жүк тасымалдайтын 4 порт бар, олар: Баутино, Атырау сағалық порты, Ақтау, Құрық порттары. Жоба бойынша таңдалып отырған Ақтау қаласында 2 жүк теңіз порты бар.

Ежелгі Ұлы Жібек жолының тарихқа айналуының басты себептерінің бірі-Қазақстанның тиімді географиялық орналасуы. Бұл мүмкіндік-республикамыздағы халықаралық сауданы дамыту үшін өңірлерді байланыстыра отырып, солтүстіктен оңтүстікке және батыстан шығысқа қарай көлік дәліздерін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ақтау қаласы-Еуропа-Азия көлік дәліздерінің маңызды торабы болып табылады (су өткелі: Каспий және Қара теңіздер, Еділ, Еділ-Дон және Беломоро-Балтық каналы арқылы) сондай-ақ ТРАСЕКА жобасының бағыты (Ақтау-Баку (Әзірбайжан)-Поти (Грузия) порттары арқылы өтеді).

ТРАСЕКА (TRACECA - Transport Corridor Europe Caucasus Asia)-Батыс-Шығыс еуразиялық көлік дәлізінің жобасы: Еуропадан Қара теңіз, Кавказ және Каспий теңізі арқылы Орталық Азияға шыға отырып, халықаралық ұйымдардың, оның ішінде Еуроодақтың қолдауына ие болды. Жобаға қатысушы елдер: Әзірбайжан, Армения, Болгария, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Румыния, Тәжікстан, Түрікменстан, Түркия, Өзбекстан, Украина. Бұл жоба, еліміз үшін круиздік туризмді дамытуға орасан зор мүмкіндік. Елімізде, атап айтқанда Ақтау қаласында круиздік теңіз порттар жоқ. Ақтау өзінің мұнай байлығымен танымал, бірақ ол сарқылатын қазба. Болашақта Каспий теңізі арқылы дамыған круиздік туризм, Маңғыстау облысына табыс әкелетін еді. Бұл жоба елімізге жаңалық әкеліп, қазақтың ұлттық архитектурасын барша әлемге танылтуға жол ашатын еді.

Жұмыстың негізгі мақсаттарының бірі, ескі мен жаңа ғасырдың мәдениеті мен архитектурасын біріктіре отырып, екеуінің ортасынан баланс тауып, жаңа пайда болған ұлттық стиль «Ойтек»-ті таныстыру. «Ойтек» ұлттық стилі – жан-жақты ауқымды қамтиды, бұл стиль қазақтың ұлттық құндылықтарын бейнелейтін өнер болып табылады. Ұлттық архитектура (Сур. 1), яғни қазақ архитектурасы ерте заманнан өз бастауын алады. Сол кезеңнің тарихы, дәстүрлері, мәдениеті, тілі, менталитеті, діні архитектурада бейнеленеді.

Сол себепті, қазақ архитектурасын жоғалтпай, оны әрі қарай дамытып, келешек ұрпаққа мұра етіп қалдыруға үлес қосу жобаның мақсаты болып келеді. Қазақ архитектурасын жоғалту, ұлттық құндылықтарды жоғалтумен тең.



Сурет 1. «Ойтек» стиліндегі элитті тұрғын үй жобасы

Жоба басталмас бұрын, әлемдік тәжірибелерді зерттеп, шолу жасау өте маңызды болып табылады.

№ 1 мысал. Атауы: Лиссабонның круиздік терминалы (Carrilho da Graça Arquitectos, Carrilho da Graça Arquitectos). Ауданы: 12 440 м²

Лиссабон круиздік терминалы (Сур. 2) қаланың орталығында, Тагу өзенінің сағасындағы Альфама төбесінің етегінде орналасқан. XX ғасырдың басында бұл жерде бұрынғы қоқыс алаңы мен ескі порт ғимараттары болды. Енді бұл ғимарат қала мен өзен арасындағы композициялық байланыстырушы буыны бола отырып, қала ландшафтына жақсы «үйлесті».



Сурет 2. Лиссабон круиздік терминалы «Көтеріліп тұрған жер» [1]

Бұл ғимарат өте ықшамдалған, ғимарат бұрынғы Jardim do Tabaco айлағының қабырғалары арасында, саябақ пен бульвар ағаштарының арасында ашық автотұрақ пен толқын суы құйылатын кеңістігі салынған, олар қазір ғимаратпен бірге осы жағалаудың аумағын қамтиды. Ғимарат жерден жоғары көтеріліп, қоғамдық кеңістікте өзен мен қала арасын байланыстыратын терраса қызметін атқарады (Сур. 3).



Сурет 3. Лиссабон круиздік терминалының бүйір қасбеті [1]

№ 2 мысал. Атауы: Лейшойнш круиздік терминалы (Luís Pedro Silva Arquitecto).
Ауданы: 17 500 м²

Лейшойнш круиздік терминалы (Сур. 4) Португалияның Матозиньюш қаласындағы оңтүстік аймақта орналасқан, Лейшойнш әкімшілігінің бастамасымен құрылған шағын порт кешені. Жаңа круиздік терминал екі мақсатпен құрылды: біріншісі коммерциялық тиімділікті арттыру және қалалық интеграцияны жақсарту. Сол себепті жоба жаңа ғимараттарды, аймақтарды және сыртқы қоғамдық кеңістіктерді біріктіреді. Бас ғимаратта бірнеше компоненттер орналасқан: круиздік кемелерге арналған терминал, яхталарға арналған тұрақ, Порту университетінің Теңіз ғылыми-техникалық паркі, іс-шаралар өткізу залы және мейрамхана.



Сурет 4. Лейшойнш круиздік терминалы [2]

Жоба бірнеше жылдар бойы жасалды. Жұмыстар үш кезеңге бөлінді, бастапқы екеуі, яғни жаңа жағалау мен бас ғимарат жұмысы бірінші болып аяқталды. Соңғы кезеңнің жұмысы бас ғимараттағы бассейнді, қалаға апаратын көшені, пирстің кентін, сонымен бірге оның қасбеттерін өңдеумен және кішігірім қосалқы ғимараттарды біріктірумен аяқталды.


Ақтау қаласындағы халықаралық туристік теңіз портының жобасы Қазақстандағы алғашқы круиздік кешен болуға негізделген. Бұл мақалада қарастырылған әлемдік тәжірибелерге зерттеу және анализ жасау арқылы еліміздегі алғашқы туристік теңіз портын жобалаудың алғышарттарының бірі болып табылады. Төменде Қазақстандағы алғашқы туристік теңіз портының өзгешелігі мен ерекшелігіне тоқталсақ, жоба құрамына кіреді (Сур. 5): Қазақстандағы алғашқы халықаралық туристік жолаушылар тасымалдайтын круиздік теңіз порты; ұлттық круиздік терминал; қонақ үй; серуендеуге арналған жағалау; бақылау алаңы; Томирис шырағы (маяк); Каспий туристік центрі; яхталарға арналған тұрақ; саябақ.

Архитектуралық стилі- «Ойтек» ұлттық стилі. Жобадағы ең биік ғимараттың негізгі идеясы-сақ тайпасының ұлттық киімі-бас киім. Сонымен қатар, жобаның ерекшелігі экологиялық таза орта құру, энерготіімділік, заманауи технологияларды пайдалану, адамзат баласына жайлы орта беру, ландшафтқа үйлесетін рекреация құру, биофилия концепциясын жобада қолданып, біртұтастылық жобасын іске асыру болып табылады.

Бас ғимарат халықаралық теңіз порты, біріккен ғимарат ретінде жобаланатын болады. Себебі, бұл концепцияның бастапқы идеясы және жобаның ерекшелігі болып табылады, яғни «біртұтастылық» идеясын насихаттау. Бұл ғимарат өзіне көптеген функционалдық қызметтерді қамтиды. Ғимаратты көпфункционалды кешен деп те айтуға болады, бірақ жобадағы және концепциядағы басты акцент- теңіз порты. Бұл-ұлттық круиздік терминал-ең негізгі зона, ал басқалары оған қызмет етуші зоналар, бірақ барлығы бірігіп, бір ұлттық кешенді құрады, сондықтан да бұл концепциядан ауытқымау туралы шешім қабылданды.

Теңіз порттың ерекшелігі барлық зоналардың бірігіп бір шатырдың астында орналасуы. Тіптен, көп қабатты қонақ үй бірінші қабатпен атриум арқылы байланысатын болады.

Архитектураның негізгі мақсаты-адамзатқа жайлы орта беру болғандықтан, жобада туристерге барлық жайлы жағдай ойластырылған. Сонымен бірге, бас ғимарат тек қана туристерге емес, сонымен қатар жергілікті тұрғындар үшін де қызмет ететін болады.



Сурет 5. Ақтау қаласы мысалындағы туристік теңіз портының жобасы

Жүргізілген және болашақта жүргізілетін зерттеулер теңіз порттарының объектілерін жобалаудың, салудың және пайдаланудың отандық және шетелдік практикасын: круиздік терминал, қонақ үй, сауда-ойын сауық кешені және су демалысының басқа да түрлерін зерделеуді және ғылыми жалпылауды; бірқатар жұмыс істеп тұрғандарды заттай зерттеуді қамтыды, статистикалық деректерді талдау, сондай-ақ жобалау-эксперименттік

дамуды қажет етеді. Бұл зерттеу маңызды архитектуралық мәселені шешуге-негізгі принциптерді анықтауға, теңіз порттарын елімізде жобалау және круиздік туризмнің көпфункционалды объектілерін сәулеттік ұйымдастыру. Мақала бойынша зерттеудің нәтижелері:

1. Туристерге арналған теңіз портының объектілерін жобалаудың, салудың және бұрынғы пайдаланудың әлемдік тәжірибесін талдау нәтижесінде халықтың белсенді демалысының перспективалы және тиімді нысаны ретінде круиздік туризмнің рөлі анықталды. Архитектуралық қызмет көрсету жүйесін дамытудың негізгі тенденциялары анықталды.

2. Нысанның жаңа түрі – ұлттық круиздік терминал мен қоғамдық кешенді біріктіретін теңіз порты көпфункционалды орталығы ұсынылды, қызмет көрсететін ғимараттар мен құрылыстарды қамтитын мәдени-демалыс орталығының әр түрлі функционалды мақсаттары бар.

3. Жергілікті халық және туристер үшін жағалау аумақтарын оңтайлы абаттандыруды қамтамасыз ету керек және қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ халықтың су рекреациясы саласының қауіпсіздігін арттыру және жайлылығын жетілдіру қажет.

4. Ақтау қаласының мысалында туристік теңіз портының моделі жасалды, ол күрделі кешенді кеңістіктік-функционалды құрылым барлық қажетті қызмет көрсету инфрақұрылымы бар порт (ұлттық круиздік терминал, қонақ үй; серуендеуге арналған жағалау; бақылау алаңы; Томирис шырағы (маяк); Каспий туристік центрі; яхталарға арналған тұрақ; саябақ) және әртүрлі функционалды мақсаттағы: туристік, халықаралық, әкімшілік, мәдени-ағартушылық, бос уақытты өткізетін ғимараттар мен құрылыстарға қызмет көрсету кешенін қамтитын көп функционалды қоғамдық-көпфункционалды орталығы, сондай-ақ Ландшафтты-рекреациялық кешені болып табылады, себебі концепцияда саябақ пен жағалау қарастырылды.

5. Көпфункционалды архитектуралық ұйымдастыру әдістемесі жасалды, аумақтың рекреациялық әлеуетін және круиздік туризмнің даму ерекшелігі мен халықтың рекреациялық-бос уақыт қажеттіліктерін талдау кезеңі, гео, гидро және техникалық шарттарды, табиғи-экологиялық шарттарды, экономикалық және басқа да бастапқы деректерді талдау;

6. Теңіз портының туристерге арналған жаңа түрі ұсынылды. Жаңа түрі, себебі бұл еліміздегі алғашқы туристік теңіз портының жобасы және бұл ғимараттық кешен ұлттық стильде жобаланады.

7. Туристік теңіз портының объектілерін ұйымдастыру үшін ұсынылған қағидалар мен міндеттері: жағалау аумағын кешенді абаттандыру, жоғары қамтамасыз ету- круиз саласына қызмет көрсетудің қазіргі заманғы деңгейін ұйымдастыру және арттыру туристердің демалысы мен бос уақыттың қауіпсіздігі, табиғатты пайдалану табиғатты қорғау талаптарын сақтау. Теңіз портының туристік тартымдылығын арттыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға және соның салдарынан елдің экономикалық дамуына және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал ететін болады.

Жүргізілген ғылыми зерттеу нәтижелері пайдаланылуы мүмкін туристік теңіз портының объектілерін жобалау кезінде, сондай-ақ аймақтық және халықаралық сәулет-құрылыс нормативтерін әзірлеу, теңіз портының көпфункционалды объектілерін жобалау болып табылады.

Автор орындаған әзірлемелер халықтың осы маңызды функциясының негіздерін оңтайландыруға, кеңістіктің урбо-сәулеттік қалыптасуының барлық негізгі факторларын ескере отырып, ғылыми және практикалық үлес қосады деп үміттенеді.

Елімізде бұндай жобалардың құрылуы үшін мемлекет және халық өзінің үлесін қосуы қажет, себебі біртұтастылық болғанда ғана елімізде ұлттық архитектура дамып, осындай туристік теңіз портының жобасын құру арқылы, архитектурамызды болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдыру өзіміздің қолымызда.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 «Lisbon cruise terminal» [Электронды ресурс] URL: <https://www.archdaily.com/897598/lisbon-cruise-terminal-carrilho-da-graca-arquitectos>
- 2 «Leixões Cruise Terminal» [Электронды ресурс] URL: <https://www.archdaily.com/779868/porto-cruise-terminal-luis-pedro-silva-arquitecto>
- 3 ҚР ЕЖ 3.02-107-2014 Қоғамдық ғимараттар мен имараттар. [Электронды ресурс] URL: https://www.egfntd.kz/upload/NTD/%D0%A1%D0%9F%20%D0%A0%D0%9A/211021/SP_RK_3.02-107-2014.pdf
- 4 ҚР ЕЖ 3.04-101-2013 Гидротехникалық имараттар. [Электронды ресурс] URL: <https://www.egfntd.kz/upload/NTD/%D0%A1%D0%9F%20%D0%A0%D0%9A/124%D0%A1%D0%9F%20%D0%A0%D0%9A%203.04-101-2013%20+.pdf>
- 5 Барзыкин, Ю. А. Әлеуметтік-экономикалық қатынастар жүйесіндегі Туризм: негіздері, функциялары, даму жолдары. Реферат. дис. ... канд. экон. ғылымдар./ Барзыкин Юрий Александрович. – М., 2007. – 28 б. [Электронды ресурс] URL: https://new-dissert.ru/_avtoreferats/01003310800.pdf
- 6 Глазирин, В. И. теңіз жағалауларын жобалаудың қала құраушы негіздері қоғамдық орталықтар / В. И. Глазирин. - Одесса: Шеберлер қаласы, 1999. – 142 б. [Электронды ресурс] URL: <http://mx.ogasa.org.ua/bitstream>
- 7 Гусев, В. В. демалыс мекемелері мен кешендерінің сәулеті.: СБ.ғылыми. В. В. Гусев. – М.: оқу ғимараттарының ФФЗИ, 1981. - 98 б. [Электронды ресурс] URL: <https://catalog.tsuab.ru/cgi-bin/koha/opac-detail.pl?biblionumber=66709>